

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушылар қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 маусым N 692

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Президент Әкімшілігінде, Парламент, Үкімет Аппараттарында, Жоғарғы Сотта, Конституциялық Кеңесте, Орталық сайлау комиссиясында, министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атқарушы органдарда, жергілікті өкілді және атқарушы органдарда мемлекеттік қызметтегі, сондай-ақ жоғары оқу орындарында, академиялық және басқа да ғылыми мекемелерде зерттеу жүргізуші, мемлекеттік органдарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар азаматтар қатарынан тиісті мемлекеттік органдардың жолдамасы бойынша 25 адам санында біржылдық оқу циклына (1996/97 оқу жылы) Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушылар қабылдау туралы хабарлансын.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары

Мемлекеттік Басқару Мектебіне ақылы негізде оқуға 5 адам санында қосымша тыңдаушылар қабылдауға рұқсат етілсін.

Тыңдаушыларды қабылдау түсу емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық негізде, ал ақылы негізде түсушілер - әңгімелесу қорытындысы бойынша жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушыларды қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 4 маусымдағы  
N 692 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық  
Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушылар

қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының

Құрамы

- Сембаев Д.Х. - Қазақстан Республикасының Парламенті  
Сенатының Экономика, қаржы және бюджет  
жөніндегі комитетінің төрағасы, комиссия  
төрағасы (келісімі бойынша)
- Висанти Кристиан - ҰЖМБМ-нің қоса атқарушы директоры,  
комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

- Әбдікәрімов О. - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Мәжілісі Аппаратының Басшысы (келісімі  
бойынша)
- Кәкімжанов З.Х. - Қазақстан Халықтық банкі басқармасының  
төрағасы
- Кулешова Е.В. - Орталық сайлау комиссиясының хатшысы  
(келісімі бойынша)
- Нәрібаев К.Н. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік  
ұлттық университетінің ректоры
- Оспанов С.С. - ҰЖМБМ-нің конкурстар мен оқу процесі  
қызметінің жетекшісі
- Пепенин А.С. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
Аппараты Кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі
- Судьин А.С. - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігі Мемлекеттік қызмет және кадр  
саясат бөлімінің меңгерушісі (келісімі  
бойынша)
- Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасының Жоғары  
экономикалық кеңесі төрағасының орынбасары  
(келісімі бойынша)
- Шопин В.Д. - Қазақстан Республикасы Конституциялық  
Кеңесінің мүшесі (келісімі бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК